

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Шақыру жасындағы азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" 2012 жылғы 4 сәуірдегі № 56 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 20 қарашадағы № 218 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 11 желтоқсанда № 3113 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 321 қаулысымен

Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 09.12.2014 № 321 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Зандарын басшылыққа ала отырып және кейбір кадрлық өзгерістерге байланысты облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Шақыру жасындағы азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" 2012 жылғы 4 сәуірдегі № 56 қаулысының (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3079 тіркелген, 2012 жылғы 15 мамырдағы "Орал өнірі" және "Приуралье" газеттерінде № 56, № 52-53 жарияланған) 1-қосымшасына төмендегідей өзгерістер

енгізілсін:

1) облыстық әскерге шақыру комиссиясының құрамына, комиссия мүшелеріне мұналар

енгізілсін:

Сәрсенғалиев Мұратбек Жұмагелдіұлы – Батыс Қазақстан облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары - келісім шарт бойынша әскери қызметшілерді жинау және шақыру басқармасының бастығы (келісім бойынша);

Құрмашев Амангелді Мақсotұлы – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті бастығының кадрлар жөніндегі орынбасары (келісім бойынша);

көрсетілген комиссия құрамынан, комиссия мүшелерінен Қанғелдиев Қалеш Сайынұлы, Мынбаева Айгүл Әділгерейқызы шыгарылсын;

2) облыстық әскерге шақыру комиссиясының резервтік құрамына, комиссия

мұшелеріне

мыналар

енгізілсін:

Қанғелдиев Қалеш Сайынұлы – Батыс Қазақстан облысы қорғаныс істері жөніндегі департаменті келісім шарт бойынша әскери қызметшілерді жинау және шақыру басқармасының шақыру бөлімінің бастығы (келісім бойынша);

Санқаев Сағадат Қайратұлы – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті кадрлар бөлімінің инспекторы (келісім бойынша);

көрсетілген комиссия құрамынан, комиссия мұшелерінен Сәрсенғалиев Мұратбек Жұмагелдіұлы, Иманбаев Ержан Мақсotұлы шығарылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. К. Сүлейменов жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

H. Ноғаев

КЕЛІСІЛДІ:

Б а т ы с Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы
корғаныс і с т е р і жөніндегі
департаментінің б а с т ы ғ ы
----- A. Жакъяев

20.11.2012 ж.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ қ ауіпсіздік
к о м и т е т і н і н Б а т ы с
Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы б о й ы н ш а
департаментінің б а с т ы ғ ы
----- H. Жігітеков

20.11.2012 ж.